

**"Кадрдағы қазақстандық үлесті есептеу әдістемесін бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Еңбек және халықты әлеуметтік қорғау министрінің 2010 жылғы 27 қыркүйектегі N 320-ө бұйрығына өзгерістер енгізу туралы**

*Күшін жойған*

Қазақстан Республикасы Еңбек және халықты әлеуметтік қорғау министрінің 2012 жылғы 23 ақпандағы № 58-ө-м Бұйрығы. Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінде 2012 жылы 24 сәуірде № 7599 тіркелді. Күші жойылды - Қазақстан Республикасы Еңбек және халықты әлеуметтік қорғау министрінің 2018 жылғы 18 мамырдағы № 193 бұйрығымен

**Ескерту. Бұйрықтың күші жойылды – ҚР Еңбек және халықты әлеуметтік қорғау министрінің 18.05.2018 № 193 (29.06.2018 бастап қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.**

"Жер қойнауы және жер қойнауын пайдалану туралы" Қазақстан Республикасының 2010 жылғы 24 маусымдағы Заңының 26-бабы 1-тармағының 1) тармақшасына сәйкес **БҰЙЫРАМЫН:**

1. "Кадрдағы қазақстандық үлесті есептеу әдістемесін бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Еңбек және халықты әлеуметтік қорғау министрінің 2010 жылғы 27 қыркүйектегі № 320-ө бұйрығына (Нормативтік құқықтық актілерді тіркеудің мемлекеттік тізілімінде № 6618 тіркелген, 2010 жылғы 29 қарашадағы № 325 (26386)) "Казахстанская правда" газетінде жарияланған) мынадай өзгерістер енгізілсін:

тақырыбы мынадай редакцияда жазылсын:

"Кадрдағы жергілікті үлесті есептеу әдістемесін бекіту туралы";

1-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:

"1. Қоса беріліп отырған Кадрдағы жергілікті үлесті есептеу әдістемесі бекітілсін.";

осы бұйрықпен бекітілген Кадрдағы жергілікті үлесті есептеу әдістемесі осы бұйрықтың қосымшасына сәйкес редакцияда жазылсын.

2. Халықты жұмыспен қамту департаменті (Д.Р. Арғындықов) осы бұйрықтың заңнамада белгіленген тәртіппен Қазақстан Республиканың Әділет министрлігінде мемлекеттік тіркелуін және оның ресми жариялануын қамтамасыз етсін.

3. Осы бұйрық алғашқы ресми жарияланған күнінен бастап күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

"КЕЛІСІЛДІ"

Қазақстан Республикасы

Индустрия және жаңа

технологиялар министрі

Ә. Исекешев \_\_\_\_\_

2012 жылғы 2 сәуір

"КЕЛІСІЛДІ"

Қазақстан Республикасы

Мұнай және газ министрі

С. Мыңбаев \_\_\_\_\_

2012 жылғы 23 ақпан

Қазақстан Республикасы  
Еңбек және халықты әлеуметтік  
қорғау министрінің

2012 жылғы 23 ақпандағы

№ 58-ө-м бұйрығына

қосымша

Қазақстан Республикасы  
Еңбек және халықты әлеуметтік  
қорғау министрінің

2010 жылғы 27 қыркүйектегі

№ 320-ө бұйрығымен

бекітілген

## **Кадрлардағы жергілікті қамтуды есептеу әдістемесі**

1. Кадрлардағы жергілікті қамтуды есептеу әдістемесі (бұдан әрі - Әдістеме) " Жер қойнауы және жер қойнауын пайдалану туралы" Қазақстан Республикасының 2010 жылғы 24 маусымдағы Заңына сәйкес әзірленді.

2. Әдістеме жер қойнауын пайдаланушылардың келісімшарт бойынша міндеттемелерін орындауына мониторинг жүргізуді және бақылауды жүзеге асыру мақсатында жер қойнауын пайдалануға арналған келісімшарттарда кадрлардағы жергілікті қамтуды есептеуге, сондай-ақ өтінім берушілердің жер қойнауын пайдалану құқығын алуға арналған конкурстық ұсыныстарды даярлауына арналған.

3. Кадрлардағы жергілікті қамту қызметкерлердің әр санаты бойынша бөле отырып, келісімшартты орындауға жұмылдырылған персоналдың жалпы санына кадрлардағы қазақстандық қамтудың пайыздық мәнін айқындау негізінде белгіленеді.

4. Қазақстандық кадрлардың пайыздық құрамы мына санаттар бойынша айқындалады:

- 1) бірінші санат – басқарушы құрам;
- 2) екінші санат – жоғары және орта кәсіптік білімі бар мамандар;
- 3) үшінші санат – білікті жұмысшылар.

Бірінші санатқа жер қойнауын пайдаланушының және (немесе) оператордың ағымдағы қызметін басқаруды жүзеге асыратын атқарушы органның құрамына кіретін адамдар, олардың орынбасарлары, филиалдардың басшылары, сондай-ақ жер қойнауын пайдаланушының және (немесе) оператордың жекелеген бағыттағы қызметін басқаруды, құрылымдық бөлімшелердің қызметін үйлестіру мен бақылауды қоса жүзеге асыратын адамдар жатады.

Екінші санатқа жер қойнауын пайдаланушының және (немесе) оператордың құрылымдық бөлімшелерін басқаратын және жер қойнауын пайдаланушының қызмет процесіне тікелей басшылықты жүзеге асыратын қызметкерлер, сондай-ақ жер қойнауын пайдаланушының және (немесе) оператордың штатында тұратын арнайы білімі және жұмыс дағдысы, тәжірибесі бар қызметкерлер жатады.

Үшінші санатқа Қазақстан Республикасы Еңбек кодексінің 125 бабында көзделген білікті талаптарына сәйкес келетін білікті жұмысшылар жатады.

5. Тиісті санаттар бойынша қазақстандық кадрлардағы пайыздық қамту мына формула бойынша айқындалады:

$$h = \frac{VKC}{V_0} \times 100 \%$$

мұндағы

- VKC – тиісті санаттағы қазақстандық кадрлардың саны;

-  $V_0$  – келісімшартты орындауға жұмылдырылған тиісті санаттағы

персоналдың жалпы саны.

Есептеу мысалы:

Екінші санат бойынша қазақстандық кадрларды пайыздық қамтуды есептеу үшін бастапқы деректер:

$(V_0)$  – жер қойнауын пайдаланушының екінші санаты бойынша келісімшартты орындауға жұмылдырылған персоналының жалпы саны 1200 адамды құрайды;

(VKC) – тиісті санаттағы қазақстандық кадрлардың саны 1000 адам құрайды.

Осы санаттағы бойынша қазақстандық кадрлардың пайыздық қамтылуы:

$$h = \frac{1000}{1200} \times 100 \% = 83 \%$$

1200

құрайды.

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК